



**А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ
2022 ЖЫЛЫ БАСПАДАН ШЫҚҚАН ЕҢБЕКТЕРІ**



Әлімұхамбетов Ж.Н. Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі: монография. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 108 б. ISBN 978-601-08-1666-4


Ұсынылып отырған монографиялық зерттеу қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің мазмұны мен тарихи тағдырын кешенді және жүйелі баяндаудың әрекеті болып табылады. Жұмыста тарихи және жүйелі зерттеу әдістері негізінде қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің шығу тегі, қалыптасу, даму және әрекет ету процестері ашылады. Қазақ құқығының идеологиялық негіздері, сондай-ақ дәстүрлі құқықтық жүйе Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реттеу сахнасынан түсетін XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы кезең кеңінен талқыланады.

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихын зерттейтін студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, заң жоғары оқу орындары мен факультеттерінің оқытушыларына және қазақ құқығының тарихына қызығушылық білдіретін жалпы оқырман қауымға арналған.



Тажбенова Г.Д., Мажитова Б.Б. Дипломдық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық (бағдарлама) "Қаржы" - 6B04108, (5B050900), білім беру бағдарламасының студенттеріне / Г.Д. Тажбенова, Мажитова Б.Б. - Нұр-Сұлтан: ЕАГИ; "Жаса" ЖШС ӘӘК, 2022. - 21 б. ISBN 978-601-806-99-01

6B04108, (5B050900) - "Қаржы" білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған дипломдық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық жоғары білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты, білім беру ұйым қызметінің типтік ережесі бойынша жасалған.



Тажбенова Г.Д., Мажитова Б.Б. Методические указания по выполнению дипломных работ по образовательной программе 6В04108, (5В050900) - "Финансы" / Г.Д. Тажбенова, Мажитова Б.Б. - Нур-Султан: ЕАГИ; ТОО СПП "Жаса", 2022. - 24 с. ISBN 978-601-806-99-01



Сарсекеев Б.С. Педагогическое мастерство: учебное пособие для студентов педагогических специальностей. - Нур-Султан, 2022. - 124 с. ISBN 978-601-7515-46-1

В учебном пособии представлены технологии самостоятельного изучения курса «Педагогическое мастерство». Каждая тема включает учебные тексты, задания и упражнения на закрепление педагогических умений.

Предназначено для студентов педагогических специальностей.







Оскембаев Қ.С., Ахметов Қ.Ә. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (XX ғ. басы - 1990 жылдар): оқу құралы. 1-бөлім. - Нұр-Сұлтан, 2022. - 352 б. ISBN 978-601-337-653-0

Бұл оқу құралында авторлар Отан тарихының келесі бір белесі – XX ғасырдың басынан бастап 1990 дейінгі тарихымыз бойынша қасіретті, күрделі және маңызды тарихи оқиғаларға тоқталып, ұлы тұлғалар жайлы құнды мәліметтер береді.

XX ғасыр – әлем тарихында ерекше із қалдырған қарама-қайшылыққа толы, қоғамдық дамудың көпқырлы екендігін танытқан кезең. Осы кезеңде әлемдік өркениеттің бейнесін түбегейлі өзгерткен маңызды оқиғалар болып өтті. Бұл Қазақстанда бір жағынан, миллиондаған адам өмірін жалмаған Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, революциялар, аштық, қуғын-сүргін, екінші жағынан, ғылыми-техникалық үдеріс, мәдениет жетістіктері, байланыс құралдарының жылдам қарқынды дамуы. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудегі Қазақстанның рөлі, ғылыми-техникалық үдеріс, ғарышты игеруді бастау, мәдениет жетістіктері, байланыс құралдарының жылдам қарқынды дамуы, әлем картасында тәуелсіз жаңа мемлекеттердің пайда болуына жасалған алғашқы қадамдар (т.б.) қазіргі әлем құрылымына айтарлықтай әсер етті.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында несиелі жүйесі

	<p>бағдарламасымен оқитын студенттеріне, магистранттарына, тарихшы-оқытушыларға және жоғары оқу орындарына түсуші жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына ұсынылады. Әрине, көтерілген мәселелер оқу құралында толық қамтылған деген ойдан аулақпыз және олар болашақта толықтырылады, дәлелденіп, нақтылана береді деп сенеміз.</p>
	<p>Тобагабылова И.А., Аязбаева А.Т. Білім беру бағдарламаларына арналған жаттығулар, тренингтер мен кейстер жинағы: оқу-әдістемелік құрал. - Нұр-Сұлтан қаласы, 2022. - 153 б. ISBN 978-601-80699-8-7</p> <p>Бұл оқу-әдістемелік құралда білім беру бағдарламаларына жаттығулар, тренингтер мен кейстердің жинағы ұсынылады.</p> <p>Ұсынылған жинақты практикалық сабақтарда қолдануға болады. Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындарында білім алатын 6B011 – «Педагогика және психология», 6B012 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы», 6B013 – «Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау», 6B016 – «Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау», 6B017 – «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған.</p>
	<p>Кожаметова А.Г. Білім берудегі менеджмент: оқу құралы. - Нұр-Сұлтан, 2022. - 204 б. ISBN 978-601-80910-0-1</p> <p>Оқу құралында білім беру жүйесін басқарудың негізгі мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар білім беру менеджментінің даму болашағы және қазіргі жағдайы, менеджменттің негізгі функциялары және оларды білім беру мекемелерінде жүзеге асыру ерекшеліктері көрсетілген. Тарауларының соңында бақылау сұрақтары және тестері келтірілген.</p> <p>Оқу құралы бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға дайындалған («Педагогика және психология», «Тарих», «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандықтары). Сондай-ақ магистратура тыңдаушыларына, мұғалімдерге де пайдалы болуы мүмкін.</p>
	<p>Дәулетханова Ж.Д. Корпоративтік қаржы: оқу құралы. - Нұр-Сұлтан, 2022. - 221 б. ISBN 978-601-80699-9-4</p> <p>Оқу құралында корпорацияда қаржыны басқару және корпоративтік қаржы теориясы бойынша материалдар қарастырылған. Негізгі ұғымдардан басқа, оқу құралында қаржы ресурстарын басқару негізінде жатқан, бақылау сұрақтары және өзін-өзі тексеруге тест тапсырмалары, сондай-ақ теориялық материалды қорытындылау үшін практикалық жаттығулар ұсынылған. Тарауларының соңында бақылау сұрақтары және тестері келтірілген.</p> <p>Оқу құралы қаржы-экономикалық мамандықтар бойынша оқытушыларға, докторанттарға, магистранттарға және студенттерге ұсынылады.</p>



Аймұхамбет Ж.Ә., Мирзахметов А.А., Алимбаев А.Е. Әдебиет теориясы: оқулық. - Нұр-Сұлтан: "Булатов А.Ж." ЖК, 2022. - 302 б. ISBN 978-601-326-652-7

«Әдебиет теориясы» оқулығы «БВ01717 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «БВ0205 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған.


Оқулық құрылымы теория мәселелерін қамтыған тақырыптардан бақылау сұрақтары, тест және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, терминологиялық анықтамадан тұрады.



Аманғазықызы Мөлдір. Қалалық проза: генезисі және зерттеу аспектілері. Монография. - Нұр-Сұлтан: "FOCUS" баспасы, 2022. - 158 б. ISBN 978-601-326-623-7

Ғылыми еңбекте қазақ әдебиеттануында бұған дейін зерттеу нысанына алынбаған қала тақырыбы жан-жақты талданды. Қала моделінің әр дәуірдегі трансформациясын айқындау жолында көне түркі ескерткіштерінен бастап орта ғасыр әдебиеті, ХХ ғасыр мен қазіргі қазақ прозасындағы қала тақырыбының түрлі образда көрінуі нақты шығармалардың негізінде талданды. Қала тақырыбын арнайы зерттеген шетелдік ғалымдардың еңбектері жүйеленді.



Кітап филолог студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.



Абырой жолы / А.Ж. Исмаилов, Қ.Ә. Ахметов, С.С. Оспанов т.б. – Астана: «Шаңырақ Медиа» ЖШС, 2022. – 400 б. ISBN 978-601-80942-0-0

Амангелді Құсайынұлы Құсайынов – академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының жоғары мектебінің ұйымдастырушысы. Бұл еңбек ғалымның ғұмыр жолына арналып отыр. Жинаққа **Амангелді Құсайынұлының** баспасөз беттерінде жарияланған сұхбаттары, ғибратты сөздері және ол туралы жазылған замандастары мен әріптестерінің, туыстарының естеліктері енді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

	<p>Galiyev T.T., Volkova L.V. Systematic thinking, systematic knowledge, creativity: development in learning and self-development, illustrations, explanation, training. – Astana: Publishing House "The Eurasian Humanities Institute", 2022. – 146 p. ISBN 978-601-7069-16-2</p> <p>The book presents the methods of a systematic approach, serving the development and self-development of the systematic knowledge, skills and abilities of the systemic and other adequate views of thinking and creativity of the learners.</p> <p>The book is addressed to government officials, education workers and researchers, students and a wide range of readers.</p>
	<p>Galiyeva T.T., Volkova L.V. Learning technology based on a systematic approach / edited by prof. Galiyev T.T., doctor of Pedagogical Science. - 2-nd revised and expanded edition. – Astana: Publishing house OJ "Global capa", 2022. – 360 p. ISBN 978-601-7069-23-0</p> <p>The book deals with the theory and practice of advanced learning, as well as the formation of systematic thinking of students based on a systematic approach.</p> <p>Addressed to civil servants, educators, students of secondary and higher schools and a wide range of readers.</p>